

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫ



АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ

ШАЛҚАРСКИЙ РАЙОННЫЙ
МАСЛИХАТ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2018 жылғы 19 қазаны

№ 261

Шалқар қаласы

город Шалқар

**Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 қазандағы №136
«Шалқар ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін
айқындау туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі №319 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11015 тіркелген бұйрығына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 қазандағы №136 «Шалқар ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5692 тіркелген, 2017 жылғы 22 қарашада «Шалқар» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімге қосымшасының 3 тармағы мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2 тармақтарымен толықтырылсын:

«3-1. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан

әрі-Мемлекеттік корпорация) немесе «электрондық үкімет» веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы.

3-2. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.».

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы**

**Шалқар аудандық мәслихатының
хатшысы**

Ж.Сейтмағанбетова

С.Бигеев

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
_____ облысының/каласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 29.10.2018
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 3-13-211 болып енгізілді

Результаты согласования

Акимат Актюбинской области - Председатель сессии Жанар Есенғосқызы Сейтмағанбетова, 19.10.2018 15:29:13, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Акимат Актюбинской области - секретарь маслихата Скак Изтлеуович Бигеев, 19.10.2018 19:07:08, положительный результат проверки ЭЦП